

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1283 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 шілдедегі N 726 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түркіменстанмен және Өзбекстан Республикасымен делимитациялау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметтік комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1283 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) 4-тармақ мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) Комиссия мүшелеріне, мамандарға және сарапшыларға тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша шетелдегі іссапар шығыстарына шетелдік валютада қаражат бөлу туралы шешімдер қабылдасын;

4) қажет болған кезде жедел тәртіппен Комиссия құрамына тиісті өзгерістер енгізілсін";

7-тармақтағы "Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті" деген сөздер "Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулыға қосымшада:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түркіменстанмен және Өзбекстан Республикасымен делимитациялау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметтік комиссиясының құрамы";

көрсетілген Үкіметтік комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Ахметов - Қазақстан Республикасының

Даниал Кенжетайұлы Премьер-Министрі, төраға

Сұнтаев - Қазақстан Республикасының Кедендік

Тілеген Иматұлы бақылау агенттігі төрағасының орынбасары

Селіханов - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің

Дүйсембай Мағзұмұлы орынбасары

Байғожин - Атырау облысы әкімінің орынбасары

Марат Имашұлы

Төлеубаев - Қостанай облысы әкімінің орынбасары

Теміржан Төлеубайұлы

- Пістаев - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Марат Құрманәліұлы министрлігі Көші-қон полициясы
департаментінің бастығы
- Нарымбетов - Қазақстан Республикасының Кедендік
Ербол Қабдолхамитұлы бақылау агенттігі Кедендік бақылауды
ұйымдастыру департаментінің басқарма
бастығының орынбасары
- Сырымбет - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Жангелді Жеңісұлы министрлігінің Халықаралық құқық
департаменті мемлекеттік шекара
бөлімінің атташесі
- Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Талғат Қуантқанұлы министрлігінің Халықаралық құқық
департаменті мемлекеттік шекара
бөлімінің атташесі
- Орынбасаров - Қазақстан Республикасының Жер
Төлеп Қиялбайұлы ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі
Атырау облыстық комитетінің төрағасы;

мына:

- "Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Иван Иванович вице-министрі"
деген жолдағы "вице-министрі" деген сөздер "бірінші вице-министрі" деген
сөздермен ауыстырылсын;

мына:

- "Әбінаев - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Шыңғыс Ысмағұлұлы министрлігі Халықаралық құқық
департаменті Мемлекеттік шекара және
халықаралық құқық проблемалары
басқармасы мемлекеттік шекара бөлімінің
екінші хатшысы"

деген жолдағы "екінші хатшысы" деген сөздер "үшінші хатшысы" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген құрамнан мыналар шығарылсын: Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы
, Ақшанов Болат Қасымұлы, Нүкенов Маратқали Ордабайұлы, Швайченко Юрий
Петрович, Есжанов Қайрат Қыдырбайұлы, Омаров Тобылбек Есенжолұлы, Жмыхов
Анатолий Александрович, Есжанов Арман Есімғалиұлы, Сүюбаев Алмат Сағынтайұлы,
Ақпаров Марат Нұрпейісұлы.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ